

- Геологиялық инженерлік зерттеулерге арналған техникалық құралдарға колонкалы бұрғылау, монотіреулі негіздер, деректерді ЭЕМ де өңдеу арқылы бөлшектеп зерттейтін арнайы кемелер жатады.

- Мұнай және газ кен орындарын терең барлама бұрғылау үшін арналған құралдар. ӨКБҚ, ЖББҚ, БК т.б., САСҚ кешені т.с.с.

- Әр түрлі конструкциялы теңіз стационарлы платформалардан, мұнай мен газды өндіретін құралдардан, мұнай мен газды суасты және суүсті өндіруге арналған кешендерден тұратын эксплуатациялық бұрғылау және өндіру техникалары;

- Құрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған техникалық кешендер, кранды монтажды кемелер, түсіру тасымалдау баржалары, жағалау базаларының көтеру-монтаждау құралдары және т.б. жатады;

- Мұнай мен газды дайындау және тасымалдауға арналған техникалық құралдары, мұнайды жинау және дайындау қондырғылары, оларды басқару, теңіз мұнай газ құбырлары және т.б. жатады.

- Су асты және водолаз техникасы;

- Қоршаған ортаны қорғау техникасы теңіздің ластануының алдын алатын құралдардан, төгілген мұнайды жинайтын арнайы кемелерден және т.б.

Шельфті игерудің техникалық құралдары арасында шығынның көптігі бойынша негізгі үлесті теңіз мұнай газ қондырғылары құрайды. Жұмыста барлық мұнай газ қондырғыларын: геологиялық қадағалау ТМГҚ, бұрғылау үшін арналған ТМГҚ, көмірсутектерді қайта өңдеуге арналған ТМГҚ және қосымша ТМГҚ деп бөлетін классификация ұсынылады.

D класына әртүрлі бұрғылау платформалары жатады.

R класына мұнайды өндіру үшін арналған стационарлы және жүзетін техникалық жүйелер кешені жатады.

T класына теңіз жағдайларында көмірсутектерді жинау, сақтау және тасымалдау үшін арналған ТМГҚ-лар кіреді.

Соңғы кездері R класты ТМГҚ-лар тез дами бастады, оларға газ бен мұнайды қайта өңдеудің үшін арналған техникалық құралдар жатады.

G класына геофизикалық және геологиялық зерттеулер үшін арналған техникалық жүйелер жатады.

Қосымша O класына адамдар мен жүктерді тасымалдауға арналған ТМГҚ-лар, коммуникациялы ТМГҚ-лар және т.б. жатады.

Барлық кластар типтерге бөлінеді, мысалы R класындағы қондырғыларда «платформалар» типіне бөлуге болады, олар өз кезегінде түрлерге бөлінеді.